

Рустамбекова М. Е.¹ Оспанова Алия Абдужапаровна²

¹*Қ.А.Ясауи атындағы ХҚТУ, п.ғ.к., доцент м.а.*

²*Қ.А.Ясауи атындағы ХҚТУ, PhD доктор, доцент м.а.*

XX ҒАСЫРДЫҢ СОҢҒЫ ОН ЖЫЛДЫҒЫНДАҒЫ БАЛҚАН АУМАҒЫНДАҒЫ ДАҒДАРЫСТЫҢ САЯСИ, ЭТНИКАЛЫҚ ЖӘНЕ ДІНИ-КОНФЕССИЯЛЫҚ БАСТАУЛАРЫ

Аңдатпа

Мақалада әлемдік деңгейде қақтығыстардың «ошағы» болған бұрынғы Югославияның ыдырау алғышарттары қарастырылды, атап айтар болсақ XX ғасырдың соңғы он жылдығындағы Балқан аумағындағы діни-конфессиялық, этникалық, саяси қарама-қайшылықтардың бастауы, аумақтағы қарсылықтың хронологиялық, географиялық т.б. ерекшелік сипаттары сараланды. Сонымен қатар мақалада 1991-1992 жылы Кеңес Үкіметінің ыдырауынан Шығыс Еуропадағы социалистік мемлекеттер де өз тәуелсіздіктерін алуы, атап айтқанда экономикалық саладағы тәуелсіздікті алу жағдайы қарастырылады. Зерттеуде Югославия құрамындағы республикалардың жеке-жеке тәуелсіз мемлекет екенін Батыс елдерінің мойындауы немесе мойындамауы Югославия аумағындағы дағдарыстың алғышарты бола алмауы талданған. КСРО мен Югославия ыдырағаннан кейінгі дәуірлік жүйелік өзгерістер қоғамдағы саяси, әлеуметтік және рухани бағыттар мен үміттердің түбегейлі өзгеруін алдын ала белгіледі. Сонымен қатар, халықтардың тарихи санасы (басқа қоғамдық салалар сияқты, оның ішінде этникалық өзін-өзі сәйкестендіру) жалпы трансформациялық процестерге тартылды, бұл оның дамуында соңғы онжылдықтардағы бұрынғы республикалардың қоғамдық-саяси эволюциясының белгілі сәйкессіздігі мен сәйкессіздігін көрсетеді.

Кілтті сөздер: қақтығыс, дағдарыс, ыдырау, конфессия, ұлтаралық, «суық соғыс».

Rustambekova M. E.¹ Ospanova Alia Abduzharovna²

¹*Akhmet Yassawi International Kazakh-Turkish University, candidate of pedagogical sciences, acting assistant professor*

²*Akhmet Yassawi International Kazakh-Turkish University, PhD Doctor, acting Associate Professor*

THE POLITICAL, ETHNIC AND RELIGIOUS ORIGINS OF THE CRISIS IN THE BALKANS IN THE LAST DECADE OF THE TWENTIETH CENTURY

The article discusses the prerequisites for the collapse of the former Yugoslavia, which was the "center" of conflicts at the global level, in particular, the onset of religious, ethnic, political conflicts in the Balkans in the last decade of the twentieth century, chronological and geographical conflicts. Specific characteristics are differentiated. The article also examines the situation in which the socialist states of Eastern Europe gained independence from the collapse of the Soviet government in 1991-1992, in particular, in the economic sphere.

The epochal systemic changes that followed the collapse of the USSR and Yugoslavia predetermined a radical change in political, social and spiritual orientations and expectations in society. At the same time, the historical consciousness of peoples (like no other sphere of public, including ethnic self-identification) was involved in general transformational processes, reflecting in its development the well-known inconsistency and inconsistency of the socio-political evolution of the former republics in recent decades.

Keywords: conflict, crisis, collapse, denomination, interethnic, "cold war".

Рустамбекова М. Е.¹ Оспанова Алия Абдужапаровна²

¹Международный казахско-турецкий Университет имени Ходжи Ахмеда Ясави, к.п.н.,
и.о.доцент

²Международный казахско-турецкий Университет имени Ходжи Ахмеда Ясави,
PhD доктор, и.о.доцент

ПОЛИТИЧЕСКИЕ, ЭТНИЧЕСКИЕ И РЕЛИГИОЗНЫЕ ИСТОКИ КРИЗИСА НА БАЛКАНАХ В ПОСЛЕДНЕЕ ДЕСЯТИЛЕТИЕ XX ВЕКА

В статье рассматриваются предпосылки для распада бывшей Югославии, которая была «очагом» конфликтов на глобальном уровне, в частности, начала религиозных, этнических, политических конфликтов на Балканах в последнее десятилетие XX века, хронологических и географических конфликтов. Специфические характеристики дифференцированы. В статье также рассматривается ситуация, в которой социалистические государства Восточной Европы обрели независимость от распада Советского правительства в 1991-1992 гг., в частности, в экономической сфере.

Эпохальные системные изменения, последовавшие за распадом СССР и Югославии, предопределили радикальную смену политических, социальных и духовных ориентиров и ожиданий в обществе. При этом историческое сознание народов (как никакая другая сфера общественной, в том числе этнической самоидентификации) оказалось вовлеченным во всеобщие преобразовательные процессы, отразив в своем развитии известную непоследовательность и противоречивость общественно-политической эволюции бывших республик в последние десятилетия.

Ключевые слова: конфликт, кризис, распад, конфессия, межэтническая, «холодная война».

Балқан елдері әр кезеңдерде ерекше геосаяси аймақ болып табылған. Еуропалық-азиялық коммуникация зонасының маңызды аймағында және дағдарысты сауда жолдарының түйісінде орналасқан Балқан аймағы өзінің географиялық жағдайына байланысты алып империялар мен күйреген ірі мемлекеттердің арасындағы мүддеге айналды, әрі терең қызығушылықтар тудырды. Ежелгі Греция мен Рим, Византия, Болгар патшалығы, Османдар және Губсбургтер империялары-Балқан аймағын көптеген саяси, этникалық, конфессиялық және т.б. қақтығыстар толқынын тудыруға ұмтылды.

Нәтижесінде қайсы елдің, қайсы діннің немесе қандай конфессияның жеңгенін анық айту қиын, дегенменде Балқан аймағында түрлі кезеңдерде католиктік, православ, ислам діннің өзара ашық және жасырын қақтығыстары болғанын байқай аламыз.

Балқан аймағында өмір сүретін халықтар аңыздарға толған конструкциялардың (естелік аңыз әңгімелердің) кең ауқымды түрлерін бүгінгі ұрпаққа дейін жеткізіп келеді. Мұндай аңыз естеліктер саяси, экономикалық және әлеуметтік жаңашылдықтарға қарамастан қазірге дейін көптеген халықтың есінде сақталып, бізге дейін жеткені таң қаларлық. Осы аталғандардың барлығы Балқан аймағындағы тарихи қайшылықтардың күрделелілігін дәлелдей түсетін айғақ болар. Дәл осы ерекшеліктер Балқан аймағын саяси, экономика, мәдениет саласындағы бейбітшілік процесінің жарылуы мүмкін аумаққа айналдырды.

Балқан аймағы Екінші Дүние Жүзілік соғыс кезеңінде өзінің біртұтас мемлекет емес екендігін анық көрсетті. Екінші дүние жүзілік соғыс жылдарында Балқан аймағының халықтары өзінің діни және ағымдық-конфессиялық айырмашылықтарына қарай тарап кетті. Сондықтан Екінші Дүние Жүзілік соғыс Балқан аймағының этникалық және діни қарама-қайшылықтарының одан да тереңде жатқанын көрсетті[1].

Соңғы екі жүз жылдықта Балқан аймағы ғаламшардың ең «тұрақсыз» деген атағына ие болуда. Осы территорияда әрдайым ұлттық қақтығыстар мен қарама-қайшылықтардың өрті тұтануда. XX ғасырда Балқан елдері Антанта мен Үштік одақ құрамындағы ұлы державалар әскери-саяси блоктарының күрес объектісіне айналған. Аталмыш күрес аймаққа «Еуропаның жарылғыш заттары көмілген алаңы» атауының берілуіне себеп болды. Балқан аймағында Бірінші дүние жүзілік соғыс пайда болды. Сондай-ақ Екінші дүние жүзілік соғыстан кейін Батыс елдері мен Кеңес одағы блогына қарайтын елдердің арасындағы Балқан аумағы үшін күрес «суық соғыстың» пайда болуына түрткі болды.

Ұзақ уақыттан берін Балқан көптеген елдердің қызығушылығы мен мүддесі тоғысқан аймаққа айналууда. Косово дағдарысының бастапқы кезеңдерінде әлемдік держава өкілдері аймақтағы ушыққан қақтығыстарды бейбітшіл жолмен қадағалауға ұмтылды, дегенмен де келіссөздер

ешқандай нәтиже берген жоқ. Нәтижесінде 2008 жылдың 17 ақпанында Косово билік өкілдері бір жақты (яғни ешкіммен келіспей, өз қалауымен деген сөз) түрде Косовоны тәуелсіз мемлекет деп жариялады. «Осы сәттен бастап Косово-тәуелсіз, суверенитетті мемлекет», - бірінші болып премьер Хашим Тачи жариялады. Премьер-министрдің осы сөздерін көптеген бұқаралық ақпарат көздері де жариялады[2].

Косово дағдарысы кезеңінде және қақтығыстар басылғаннан кейін әлемдік қауымдастық екі күресуші лагерге ажыратылды:

- біреулері тәуелсіз мемлекетті (Косово мемлекетін) мойындаса;
- екіншілері бұл шешіммен мүлде келіскен жоқ, елдің бөліктерге ажыратылуын «дұрыс» деп санамады.

Осындай талас-тартысқа, дау-дамайға толы тарихы бар Балқан аумағы XX ғасырдың соңғы онжылдығына енді. Даниэль Г: «1991 жылы бастау алған соғыс анық-Югославия Социалистік Федеративті Республикасына емес, Югославияның тарихи өзіндік санасына, яғни біртұтастығына қарсы бағытталды»-деген тұжырым береді[3, 47 б]. Югославия халықтары өздерінің этникалық туысқандықтарына қарамастан бір мемлекет ретінде өмір сүруден бас тартты. Елдегі әрбір халық өзінің ұлттық жағынан өзін танытуды қалады, осының барлығы аймақтағы қақтығыстың себебі де, нәтижесіне де айналды.

Бұрынғы Югославия аумағындағы әрбір ұлт XIX ғасырдың абсолютті принципі: «бір ұлт-бір территория-бір ұлт-бір мемлекет» ұранын тәжірибе жүзіне шығаруға ұмтылды. Дегенмен де әрбір ұлт өзін таныту мотивінен басқа да жеке ұмтылыстарының болғандығын байқай аламыз. «Коммунистік режимнің ыдырауынан кейін тәуелсіздік алған әрбір мемлекеттер өзінің стратегиялық, әскери-саяси және экономикалық жағдайын жақсартуға ұмтылысынан кейін күрес пен талас-тартыстың оты одан әрі ұшыға түсті», - дейді С. И. Данченко[4, 16 б].

90 жылдары бастау алған бұрынғы Югославия аумағындағы күрес, талас-тартыстар өзінің саяси, этникалық, географиялық және хронологиялық ерекшелігіне орай XX ғасырдың басындағы іспеттес «Жаңа Балқан соғысына» айнала қойған жоқ. Бірақ бұл таластың арты кең аумақтық және ғаламдық сипатқа ие болды, өйткені бұл күреске көптеген қарсылас мемлекеттер өз мүддесін алға қойды (оның ішінде ислам мемлекеттері де). Бұрынғы Югославия құрамындағы мұрагер мемлекеттердің арасындағы этнос аралық және этноаумақтық дағдарыс тек саяси-аумақты, «югославиялық» масштабта емес, сондай-ақ шекаралық аймақтарды жанамалай өзіне тарта отырып, оңтүстік-еуропалық сипатқа да ие болды.

1991-1992 жылы Кеңес Үкіметінің ыдырауынан Шығыс Еуропадағы социалистік мемлекеттер де өз тәуелсіздіктерін алды (экономикалық саладағы тәуелсіздігін айтып отырмыз). Югославия құрамындағы республикалардың жеке-жеке тәуелсіз мемлекет екенін Батыс елдерінің мойындауы немесе мойындамауы Югославия аумағындағы дағдарыстың алғышарты бола алмады. Югославия және басқа да бұрынғы социалистік құрылымнан капитализмге өткен, өз тәуелсіздігіне қол жеткізген мемлекеттердің ішіндегі этникалық мәселелерге араласып, әрбір ұлттың әкімшілік-саяси басқару режимін оңтайландыру мәселелері дәл сол кезде, яғни 1990 жылдары ешкімді алаңдатқан да жоқ.

Югославияның ыдырауы және біртұтас мемлекет ретінде өмір сүре алмау себептерін әрбір ғалым әртүрлі түсінеді, Е. Гуськов[5]: Югославия дағдарысын түрлі Еуропаның тарихи-географиялық аумақтарына жататын халықтардың бір мемлекетке бірігуінен десе, П. Искендеров[6]: бұл тарихи дағдарыстың басты себебі дін мен өркениеттің ғаламдық қақтығысынан деп тұжырымдайды.

Косово дағдарысы-бұрынғы Югославия Федеративті Республикасы мен Еуропалық континент аумағындағы ең қауіпті қақтығыс ошағы ретінде тарихта қалары белгілі. Қақтығыс бұрынғы Югославияның тұрғындары албандар мен сербтердің арасында ұшығып, бұл елдің қайғылы оқиғасында түрлі астарларда, әрі түрлі рольдерде қандай да бір қатысы болған барлық елдердің қазіргі дүние саяси тарихына қосылары сөзсіз.

Косово дағдарысынан кейін бүкіл әлемдік тарихтағы саяси қарым-қатынастың жаңа беттері ашылды дегенге қосыламын, өйткені дәл осы дағдарыстан кейін халықаралық қақтығыстарды шешуде экономикасы дамыған елдер күш пайдалану тәсілдерін қолданысқа енгізу арқылы тәуелсіз, суверенитетті мемлекеттердің мүдделерін таптау арқылы, ішкі істеріне араласу «дөрекі» саясаты іске асырылды.

Суық соғыс жылдарында бүкіл әлемде екі қақтығысушы күш болғанын білеміз, ол АҚШ мен КСРО болатын. Сол Суық соғыстың аяқталуынан кейін «Әркім өзі үшін және әркім басқа барлық

мемлекеттерге қарсы» принципі бойынша ұлттық және мемлекеттік мүддені қорғаудың күрделірек, «прогрессивті», көпвекторлы және көпдәрежелі формасына өтті.

Балқан дағдарысының сипаты төңірегіндегі ғылыми және саяси пікір-таластар-бұл азаматтыз соғысты саяси жүйенің әлеуметтік-экономикалық даму жолындағы күрес деп санайды. Кейбір ғалымдар мен саясаткерлер бұл қақтығысты этнос аралық қақтығыс Югославия аумағында өмір сүрген әрбір ұлттың өзін-өзі таныту, өзін-өзі білдіруге деген ұмтылысы, сондай-ақ сол ұлттардың өзіндік санасының, мәдени салт-дәстүрлерінің, дәни ұстанымдары мен аумақтық идентификациясы әртүрлі болуына байланысты қақтығыстар туындады деп санайды. Кейбір ғалымдар, мысалы С.А. Романенко:аумақтағы қақтығыстың басты себебі Ұлы державалардың сол территориядағы стратегиялық мүддесін нығайту мақсатында күресінен туындады деп санайды[7,138 б].

Батыс аналитигі Whitlock С: XX ғасырдың 90-жылдары болған соғыс тоталитарлық мемлекеттің ыдырауының нәтижелік көрінісі және сол ыдырау сәтінде И. Броз Тито барлық күш-қуатты сепаратизм мен ұлтшылдыққа қарсы жұмсады деп есептейді[8]. Керісінше Броз Тито ұйымдастырған саяси жүйе ұлттық өзін-өзі анықтау іспеттес табиғи процесті ушықтырды, сондай-ақ дәстүрлі (демократиялық) саяси идеологияны қалыптастыруға кері әсер етті, тарихы тереңге тартылған, осы уақытқа дейін біртұтас өмір сүріп келген ұлттардың арасында саяси экстремизм мен бір-біріне деген «теріс», «жек көру» сезімдерін тудыруға дәл сол Броз Титоның саяси жүйесі түрті болды деген тұжырымдаманы ұстанатындар да жоқ емес.

XX ғасырдың 80 жылдардың соңынан бастап-ақ бұрынғы Югославия территориясында ұлттар арасында қарама-қайшылықтар мен қақтығыстардың оты тұтана бастаған болатын. аталмыш тақырып бойынша жазылған еңбектер мен сол кезеңдердегі бұқаралық ақпарат құралдарындағы мәліметтерді саралай отырып, Югославия аумағындағы қақтығыстың себептері 4 кезеңнен өткендігін байқай аламыз, оларға:

- көп ұлтты мемлекеттің дағдарысы;
- этнотерриториялды федерацияның ыдырауы;
- мұрагер-мемлекеттер арасындағы соғыс, нәтижесінде ұлттардың өзін анықтау әскери жолдармен шешілгендігін де атап өтуіміз керек;
- уақытша бейбітшіл келісімдерге келу. Осы аталған кезеңдерді өкінішке орай біріктіріп қарастырады, Балқан елдеріндегі социалстік құрылыстан кейінгі трансформация ретінде немесе бірінен кейін бірі жүріп өтетін кең көлемдегі әлеуметтік-экономикалық, саяси өзгерістер ретінде қарастырады.

Югославияның ыдырауы, бірнеше мемлекеттерге ажыратылуы сол аймақтағы дағдарысты мүлдем жойып тастаған жоқ, одан әрі қарай да оңтүстік славян саяси-этникалық қауымдастық шеңберінде (серб-албан қарым-қатынастарынан бөлек) халықтар арасында қақтығыстар мен түсініспеушіліктердің қайталанғандығы баршамызға мәлім. Бұл түсініспеушіліктер тек оңтүстік славян қауымдастығы шеңберінде ғана емес, бүкіл әлемнің түпкір-түпкірінен уақыт-уақытымен көрініс беретінін де ескере кетуіміз абзал. Дегенменде «югославиялық дағдарыстың» жалпы аумақтық көлемге аналуы және сол аймақтағы халықаралық ахуалдың дамуын анықтаушы факторға айналуы сол Балқан аймағындағы жаңа соғыстың тұтануынан бастау алды. Нәтижесінде дағдарыс интернационализацияланды, югославия-балқан мәселесі-осы қақтығыстардан өз мүддесін көздеген елдер арасында сыртқы саяси индекаторға айналды, ең соңында сол державалардың арасындағы Балқан аймағында өз билігін нығайту бойынша сыртқы саясаты сол аймақтағы дағдарыстың одан әрі ушығуына ықпал ете бастады. XX ғасырдың соңындағы Югославиядағы осы қақтығыс арқылы бір ел территориясында тұтанған дағдарыс ошағы тек сол елмен ғана шектелмей, көптеген мемлекеттердің араласуымен ғана шешілетіндігін тағы бір рет дәлелдей түсті.

Югославияның ыдырауымен XIX ғасырдан бастап (одан алдыңғы кезеңдерде де) Балқан аймағында кездескен территориялды қарама-қайшылықтар көкейтесті мәселеге айналды. Көптеген ғалымдар территориялық тартыстарды (претензия) ғаламдық, өркениетаралық, конфессияаралық қақтығыстармен бір қатарда қарастырудың жөні жоқ деп санайды. Сонда да дәл сол территориялық тартыстар халықаралық қақтығыстардың алғышарты болатындығы да белгілі. Бірақ Югославия дағдарысы халықаралық емес, мемлекеттің ішіндегі өткір шиеленіскен дағдарыс болып табылады.

КСРО-ның ыдырауы, Варшава келісім шарты ұйымының таралуы-осы аталған саяси оқиғалар Югославияның бір мемлекет ретінде өмір сүруін тоқтатуына түрткі болды, балқан мемлекеттері арасынлағы күш тепе-теңдігінің өзгеруіне алып келді, осы аймақтағы бұрыннан келе жатқан

ұлтаралық және мемлекетаралық қарама-қайшылықтардың өршуіне түрткі болды. Социалистік құрылыс ыдырағанан кейін аймақта туындаған әлеуметтік дағдарыс, Балқан аймағындағы соғыс, әсіресе Косово мен Метохиядағы қақтығыстар-осы аталғандардың барлығы Косово дағдарысының алғышаттарына айналды[9,118 б].

Сонымен, қорытындылайтын болсақ, Балқан аймағы бүкіл еуропалық тарих шеңберінде әрдайым «жарылғыш» ролді ойнаған. Қазіргі таңда да Балқан аймағы Еуразия құрылығының болашағын анықтаушы бір факторы болып табылады. Балқан мәселелері-еуропалық саясат пен дипломатияның қақтығысқа толы нүктесі, екі әлем соғысының және екі балқан соғысының нәтижесі, жалпыеуропалық немесе ғаламдық масштабқа ие болған бірнеше Балқан дағдарысының нәтижесі.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. *Генри И. Соккрытие геноцида в Косово. Преступление против Бога и человечества. - М.: Косово поле, 2007. - 209 с.*
2. *Паклин Н., Михалев П. Одностороннее решение Приштины о независимости Косово провоцирует новые конфликты.// Российская газета. - 18 февраля 2008. - № 32. 2*
3. *Даниэль Г. Секретные армии НАТО: Операция "Гладио" и терроризм в Западной Европе. – М.: Кучково поле, 2012. - 412 с.*
4. *Гуськова Е.Ю. История югославского кризиса. - М.: Русское право, 2001 г. - 714 с. 16*
5. *Гуськова Е.Ю, Гунин Л. Косово и Метохия: анализ событий. – М.: Самиздат, 2008. - № 5.*
6. *Искендеров П. Сербия, Черногория и албанский вопрос в начале XX века. – СПб.:Алетейя, 2013. – 472 с.*
7. *Романенко С.А. Югославия, Россия и «славянская идея». - М.: Институт права и публичной политики, 2002. – С. 138.*
8. *Whitlock C. Despite its troubles, Kosovo offers model for nation-builders; In newest country, improvements come slowly but steadily. // Washington Post. - 1 December, 2009. - № 278.*
9. *Рубинский Ю. Политика западноевропейских держав в отношении косовского конфликта. // Косово. Международные аспекты кризиса. - 1999. - № 12. - С. 106-118*

10. References:

11. 1. Henry I. genocide in Kosovo. The emergence of the opposite God and man. Moscow: Kosovo pole, 2007. - 209 P.
12. 2. Paklin N., Mikhalev P. one of the most important decisions of Pristina on the independence of Kosovo provokes new conflicts. // Rossiyskaya Gazeta. - February 18, 2008. - No. 32. 2
13. 3. Daniel G. secret armies of NATO: Operation Gladio and terrorism in the Western Europe. Moscow: kuchkovo pole, 2012. - 412 P.
14. 4. Guskova E. Yu. history of the Yugoslav crisis. Moscow: Russkoe pravo, 2001-714 P. 16
15. 5. Guskova E. Yu., Gunin L. Kosovo and metochia: analysis of events. Moscow: Samizdat Publ., 2008. - No. 5.
16. 6. Iskenderov P. Serbia, Montenegro and Albania issues at the beginning of the XX century. "No," I said.: Alethea, 2013. - 472 P.
17. 7. Romanenko S. A. Yugoslavia, Russia and "Slavyansk idea". Moscow: Institute of rights and Public Policy, 2002. - P. 138.
18. 8. Whitlock C. Despite its troubles, Kosovo offers model for nation-builders; In newest country, improvements come slowly but steadily. // Washington Post. - 1 December, 2009. - № 278.
19. 9. Rubinsky Yu. politics of the Zapadno-European powers in relation to the Kosovo conflict. // Kosovo. International aspects of the crisis. - 1999. - No. 12. - pp. 106-118